

ЖОБА

БЕКІТІЛГЕН
«Даму» Қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
« _____ » _____ 2015 ж.
№ _____ хаттама

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Ішкі аудит қызметі туралы
Ереже

Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

§ 1. Жалпы ережелер	3
§ 2. ІАҚ ұйымдық мәртебесі	3
§ 3. ІАҚ миссиясы, міндеттері мен қызметтері.....	4
§4. ІАҚ міндеттері.....	7
§ 5. ІАҚ құқықтары.....	7
§6. ІАҚ жауапкершілігі, ІАҚ қызметін шектеулер және бағалау	9
§ 7. ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары мен тәртібі.....	10
§8. ІАҚ жұмысын жоспарлау және есептері	11
§9. ІАҚ органдармен, комитеттермен және бөлімшелермен өзара әрекеттестігі.....	13
§10. Қорытынды ережелер	14
1 Қосымша.Ішкі аудит қызметінің Басшысының лауазымдық нұсқаулығы	15
2 Қосымша. Ішкі аудитордың лауазымдық нұсқаулығы	20

§1. Жалпы ережелер

1. Берілген Ереже «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (ары қарай - Қоғам) Ішкі аудит қызметінің мәртебесін, миссиясын, міндеттерін, қызметін, міндеттемелерін, жауапкершілігі мен құқықтарын, сондай-ақ оның қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптарды, қызметін жоспарлау тәртібін, ақы төлеу тәртібін, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (ары қарай - ІАҚ) есептілігі мен Қоғамның басқа органдарымен және олардың комитеттерімен, құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттестігін анықтайды.

2. Берілген Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ішкі аудиторлар институтының кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерімен (The Institute of Internal Auditors) (ары қарай - КТХН), Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдарға ұқсас.

3. ІАҚ– Қоғамның ішкі аудитті жүзеге асыратын органы¹ – ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдемелер мен кеңестерді беру бойынша қызмет. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін арттыру және бағалауға жүйелі және бірізді тәсілді пайдалана отырып, ұйымға алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

4. ІАҚ өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, органдарының шешімдерін, берілген Ережені және Қоғамның басқа ішкі құжаттарын;

2) құрамдас элементтері ішкі аудитті анықтау болып табылатын КТХН, ішкі аудиторлардың этика кодексін, ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын, сондай-ақ оларға практикалық нұсқаулар мен нұсқаулықтарын.

§ 2. ІАҚ ұйымдық мәртебесі

5. ІАҚ Қоғамда Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және есеп беретін ішкі аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, бұл ретте Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында Қоғамның Басқармасына немесе Басқарма Төрағасына келесі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау құқын табыстау, бірақ шектелмей:

1) ІАҚ жұмыскерлерімен еңбек тәртібі ережелерін және Қоғамның басқа ішкі құжаттарын берілген Ереженің нормаларына және/немесе ІАҚ ұйымдық мәртебесіне қайшылық тудырмайтын бөлігінде сақтау бойынша;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде ІАҚ қызметкерлерімен еңбек шартын жасау және бұзу бойынша;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ІАҚ қызметкерлерінің демалыс кестелерін, демалыс алуға өтініштері мен бұйрықтарды бекіту бойынша.

6. Директорлар кеңесі ІАҚ құжаттарын (жобаларын) қарастыру нәтижелері бойынша және Аудит бойынша комитеттің тиісті ұсыныстарын ескере отырып, олар бойынша келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

¹ КТХН анықтамасына сәйкес.

1) ІАҚ Ережесін және басқа ішкі (методологиялық) құжаттарын бекітеді;

2) Аудиттің салалар картасын бекітеді («аудит әлемін»);

3) ІАҚ тәуекелге бағдарланған жұмыс жоспарын бекітеді;

4) ІАҚ Басшысынан (ары қарай - ІАҚБ) ішкі аудиттің нәтижелері туралы мерзімдік (тоқсандық және жылдық) есептерді, ІАҚБ қажетті деп санайтын ІАҚ қызметінің басқа мәселелері бойынша ақпаратты, оның ішінде Директорлар кеңестерінің, Аудит бойынша комитеттің ІАҚБ кездесулерінде (Басқарма мүшелерінің қатысуынсыз) алады, сондай-ақ ішкі аудиттің ұйымдық тәуелсіздігінің жыл сайынғы растамасын алады;

5) Басқармадан ІАҚБ-нан ІАҚ өзінің қызметтері мен міндеттерін орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін өкілеттіктерін шектеулер немесе бюджеттік шектеулер туралы ақпаратты сұратады;

6) Ішкі аудит қызметтерін сыртқы жеткізушілерді тарту және оларды таңдау қажеттілігі туралы шешімді бекітеді;

7) ІАҚ сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтайды және бекітеді;

8) ІАҚБ және ІАҚ басқа қызметкерлерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды бекітеді;

9) ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшерін және шарттарын, қызметінің көрсеткіштерін бекітеді;

10) ІАҚ қызметкерлерінің біліктіліктерін көтеру бойынша міндетті (жылдық) жоспарларын бекітеді;

11) ІАҚ міндеттері мен қызметін іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған, сондай-ақ ІАҚ қызметкерлерін аудит, ішкі бақылау және/немесе Қоғамның және/немесе оның еншілес ұйымдарының қызметінің басқа мәселелері бойынша ІАҚ қызметкерлерін оқытуға арналған ІАҚ бюджетін (жеке және/немесе Қоғамның жалпы бюджетінің шегінде) бекітеді.

7. ІАҚБ және ішкі аудиторлардың (ары қарай бірлесіп – ІАҚ қызметкерлері деп аталады) білімі мен кәсіби сертификаттау талаптары, олардың лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі берілген Ережемен, осы Ереженің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес лауазымдық нұсқауларымен және еңбек шарттарымен белгіленеді.

8. ІАҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кепілдіктер, өтемақылық төлемдер, демалыстарына ақы төлеу және жеңілдіктері Директорлар кеңесімен бекітілген, оның ішінде Қоғамның Басқармасымен (ары қарай - Басқарма) Қоғамның барлық қызметкерлеріне қатысты бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

§3. ІАҚ миссиясы, міндеттері мен қызметтері

9. ІАҚ миссиясы Қоғамның алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу, операциялық үдерістерді жетілдіру немесе тәуекелдерді төмендету мүмкіндіктерін анықтау мүмкіндіктерін кеңейту түрінде пайда әкелетін, Қоғамға тәуелсіз орынды кепілдіктер мен кеңес беру қызметтерін ұсыну бойынша қызмет көрсетуден тұрады.

10. ІАҚ келесі салаларда орынды кепілдіктерді ұсынады:

1) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі;

2) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі (комплаенс-тәуекелдерді, несиелік тәуекелдерін, өтімділік тәуекелін, нарықтық тәуекел, операциялық тәуекелдер, ақпараттық технологиялардың тәуекелдері, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері, қызметтің үздіксіздік тәуекелдері және басқалар);

3) Қоғамның ішкі саясаттарының, құжаттары мен үдерістерінің тиімділігі;

4) бухгалтерлік есеп және олардың негізінде жасалған қаржылық/басқарушылық ақпараттарын қалыптастыру жүйесіндегі ішкі бақылаулардың тиімділігі;

5) пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің сенімділігі, қауіпсіздігі және сапасы;

6) корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігі.

11. ІАҚ тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру, жүйелердің, үдерістер мен ақпараттардың сенімділігі мен тиімділігі туралы тәуелсіз пікірді білдіру мақсатымен аудиторлық дәлелдемелерді объективті талдауды жүргізеді.

12. ІАҚ өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді тиісті жолмен орындау, объективті және әділ пайымдауларды қамтамасыз ету мақсатында Басқарма мүшелерінің және басқа тұлғалардың әсеріне тәуелсіз болуы тиіс.

13. Басқарма мүшелерінің және басқа тұлғалардың қатысушыларды (субъектілерді), мәндерін (объектілерді), аудиттің, аудиторлық жұмыстарды жоспарлау және орындау көлемі мен мерзімдерін, ІАҚ өзінің қызметінің нәтижелері туралы есептерін жасау және ұсыну үдерістеріне араласуына рұқсат етілмейді.

14. Ішкі аудиттің объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатымен ІАҚ қызметкерлері ішкі аудитті жүзеге асыру кезінде тексерілуі (бағалануы) мүмкін қандай да бір қызметке тартылмаулары тиіс, және/немесе аудит жүргізілетін кезең ішінде олармен жүзеге асырылатын үдерістердің (қызметтердің) аудитімен айналыспаулары тиіс.

15. ІАҚ негізгі міндеттері аудиторлық тексерулер, талдау мен бағалау болып табылады:

1) ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін;

2) тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін;

3) Қоғамның ақпарат (жоспарлар мен есептемесі), есепке алу жүйелерінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және сенімділігін, сондай-ақ ішкі және сыртқы пайдаланушыларға мұндай ақпаратты (жоспарлар мен есептемелерді) беру және сәйкестендіру, өлшеу, жіктеу үшін пайдаланылатын ережелерді (қағидаларды, әдістерді) бағалау;

4) ресурстарды, активтерді және оларды есепке алуды қамтамасыз ететін қолданылатын әдістерді (тәсілдерді) пайдалану ұтымдылығы мен тиімділігін, сақталуын (қалпына келтіруді) және/немесе қауіпсіздігін (қорғау);

5) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, ішкі саясаттар мен басқа құжаттарды сақтауды, сондай-ақ бұл талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігін (комплаенс-бақылау);

6) Қоғамның органдарының шешімдерін және уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік

органдарының ұйғарымдарын (ұсыныстарын) орындауды;

7) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен жүзеге асырылатын бизнес-үдерістердің, Қоғамның стратегиялық мақсаттары аясында олардың алдында қойылған міндеттерге қол жеткізу шараларының жеткіліктілігін және/немесе тиімділігін;

8) корпоративтік басқару жүйелерінің және оны жетілдіру үдерістерінің тиімділігін, этикалық стандарттар мен құндылықтардың сақталуы.

16. ІАҚ негізгі міндеттеріне сәйкес белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді орындайды:

1) жыл сайын Қоғамның тәуекелдерді басқару және/немесе тәуекелдерді өз бетімен бағалау жүйелерінің мәліметтерінің негізінде, алдағы күнтізбелік жылға Қоғамның ішкі аудитінің қызметінің тәуекелдерді ескере отырып, басымдылықтарын анықтайтын жылдық аудиторлық жоспарды жасайды, және оны Директорлар кеңесіне қарастыруға және бекітуге ұсынады;

2) ІАҚ негізгі міндеттеріне сәйкес аудиторлық тапсырмаларды орындайды;

3) есептік кезеңнің (жыл, жарты жыл немесе тоқсан) қорытындылары бойынша Директорлар кеңесіне орындалған аудиторлық жұмыстар туралы есепті тұрақты ұсынады;

4) Қоғаммен сыртқы аудитордың және басқа тексеруші мемлекеттік органдардың ұсыныстарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

5) Белгіленген тәртіпте қабылданған және берілген ІАҚ ұсыныстарының Қоғаммен орындалуына мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің (Басқармамен бірлесіп) назарына жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша және/немесе ІАҚ ұсыныстары бойынша Басқармамен бекітілген түзету шараларының (алдын алу әрекеттерінің) орындалу сапасы және барысы туралы ақпаратты жеткізеді;

6) қажетіне қарай сыртқы аудиторлармен, тәуелсіз бағалаушылармен және/немесе кеңесшілермен жүргізілетін аудит, бағалау, талдау үдерістеріне қатысады;

7) айрықша жағдайларда, Аудит бойынша комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Қоғамның қызметінің жеке аспектілерінің тақырыптық ішкі аудитін жүзеге асырады, сондай-ақ қызметтік тексерулерге, арнайы тексерулерге қатысады;

8) ІАҚ қызметкерлерін тұрақты кәсіби оқыту және біліктіліктерін көтеру бойынша шараларды қабылдайды;

9) ІАҚ құзыреттілігі шегінде басқа қызметтерді жүзеге асырады.

17. ІАҚ Қоғамда ішкі аудиттің келесі түрлерін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:

1) қаржылық аудит;

2) заңнама және ішкі саясаттардың талаптарына сәйкестікке аудит;

3) операциялық аудит;

4) ақпараттық жүйелер аудиті.

§4. ІАҚ міндеттері

18.ІАҚ міндетті:

- 1) ІАҚ міндеттері мен қызметтерін уақытында және тиісті деңгейде орындауға;
- 2) аудиттелетін бизнес-үдерістер, жүйелер және құжаттар туралы ақпаратты жинау, бағалау, талқылау және тапсыру кезінде жұмыста кәсіби біліктілікті көрсетуге;
- 3) Қоғамның басшыларын өткізілген аудиттердің нәтижелері бойынша іс-шараларды (түзету қадамдарын) әзірлеуге көмек көрсетуге, сондай-ақ аталған іс-шараларды орындауда ілгерілеуді қадағалауға;
- 4) ішкі аудитті жүзеге асыру және/немесе ІАҚ қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қоғамның бөлімшелерімен өзара әрекет етуге;
- 5)қажетіне қарай және/немесе мүмкіндігінше күш салуларды қосарланушылықты болдырмау және аудит шығындарын азайту мақсатымен өзінің қызметін Қоғамның сыртқы аудиторының қызметімен үйлестіруге;
- 6) алаяқтықты тексеруге себін тигізуге және Директорлар кеңесіне тексерулердің нәтижелері туралы хабарлауға;
- 7) Аудит бойынша комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің сұранымы, тапсырмасы бойынша басқа да міндеттері орындауға және басқа жобаларға қатысуға.

19. ІАҚ қызметін адалдық, объективтілік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаларына негізделі отырып, жүзеге асыруы тиіс.

ІАҚ қызметкерлері өз жұмыстарында адал болулары және қасақана әрекет етпеулері және мүдделер жанжалына жол бермеулері тиіс.

20. ІАҚ қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті білімдер мен дағдыларға (ұжымдық) ие болулары, келесі салаларда өздерінің білімдерін тұрақты көтеріп отырулары тиіс:

- 1) аудиторлық тексерулерді және/немесе құжаттамаларды тексерулерді жүргізу ережелері;
- 2) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық, инвестициялық, шаруашылық және басқа (аналитикалық, методологиялық, кеңес беру) қызметін талдау әдістері;
- 3) бизнесті жүргізу, еңбекті ұйымдастыру, басқару және құжат айналымы, бухгалтерлік, салықтық, статистикалық, басқарушылық есебін жүргізу және есептемені жасау ережелері;
- 4) корпоративтік басқару және іскерлік қарым-қатынас этикасы қағидалары.

21. ІАҚ қызметін жоспарлау және есептемені беру шарттары мен тәртібі берілген Ережеде және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Ішкі аудитті ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтарда белгіленеді.

§ 5. ІАҚ құқықтары

22. Өзінің негізгі міндеттері мен қызметтерін орындауды қамтамасыз ету үшін ІАҚ құқылы:

- 1) кез келген активтерге, барлық құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға және Қоғамның қызметі туралы кез келген басқа ақпаратқа, оның ішінде құпия мәліметтерге

кедергісіз және толық қол жеткізуге, сондай-ақ ақпараттық деректер қорына, пассивтік қарау режимінде, мәліметтерді енгізу және түзету құжынсыз бағдарламалық жасақтамаға кедергісіз және толық қол жеткізуге;

2) аудиторлық тапсырмаларды орындау барысында сұралатын кез келген құжаттарды зерттеуге және бағалауға, және бұл құжаттарды және/немесе тиісті ақпаратты Аудит бойынша комитеттің, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберуге;

3) материалдарды, оның ішінде Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Аудит бойынша комитеттің және басқа комитеттердің қарастыруына шығарылатын құжаттардың жобаларын сұрауға және алуға, сондай-ақ Қоғамның кез келген органдарының, комитеттерінің, құрылымдық бөлімшелері мен жұмыс топтарының кез келген хаттамаларын, құжаттарын алуға;

4) мүмкіндігінше қолда бар ресурстардың және/немесе бюджеттің шегінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің және/немесе еншілес ұйымдарының қызметкерлерінен қажетті көмекті алуға;

5) сыртқы (тәуелсіз) аудиттің нәтижелері туралы мерзімдік есептерді (басшылыққа хаттарды, ұсыныстарды қоса), Қоғамның қызметін немесе активтерін бағалауды, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерді басқару және мониторингі нәтижелері туралы есептерді алуға;

6) Қоғамның органдарының немесе олардың комитеттерінің мүшелеріне, Қоғамның кез келген құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскеріне кеңес беруді, ІАҚ құзырына кіретін мәселелерді талқылау және/немесе шешу мақсатында тікелей және кедергісіз қол жеткізуге, сондай-ақ Қоғамның сыртқы аудиторларымен еркін байланыс жасау мүмкіндігіне ие болуға;

7) Директорлар кеңесінің назарына қолданыстағы жүйелерді, үдерістерді, саясаттарды, құжаттарды, рәсімдерді, қызметті жүргізу әдістерді жақсарту бойынша кез келген ұсыныстарды, аудиторлық тапсырмаларды, жұмыстарды орындау үшін сыртқы сарапшыларды тарту туралы ұсыныстарды жеткізу, сондай-ақ олардың қарастыруына ішкі аудитті жүргізуге жататын кез келген мәселелер бойынша түсініктемелерді қарастыруға шығаруға;

8) аудиттің қатысушыларына және/немесе Қоғамның органдарына ІАҚ алынған мәліметтер, бағалаулар туралы баяндауға және бұл ақпаратты ашуға;

9) аудиттің қатысушыларымен қарастырылуы тиіс, жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша ұсыныстарды және/немесе кеңестерді әзірлеуге;

10) ІАҚ қызметінің мәселелері бойынша Қоғамның бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлерін оқыту және біліктілігін көтеру бағдарламаларына, ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға;

11) ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспарына ағымдағы жылға ұйымдық қызметке, бизнес-үдерістерге (операцияларға, бағдарламаларға, жоспарларға) және жүйелерге, анықталған тәуекелдерге және/немесе Қоғамның қолданылатын бақылауларына елеулі өзгерістерге байланысты өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуді ұсынуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысын және берілген Ережеге қайшылық тудырмайтын басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

23. Егер ІАҚ қызметкерлері жеке аудиторлық тапсырмаларды орындау үшін жеткілікті (ұжымдық) білімдер мен дағдыларға ие болмайтын болса, ІАҚ белгіленген тәртіпте, ішкі аудитте кеңесшілерді тартуды және/немесе аутсорсингтік (ко-сорсингті) пайдалануды ұйымдастыруға құқылы.

24. ІАҚ аудит бойынша комитетке және/немесе Директорлар кеңесіне ІАҚ тәуелсіз, объективті, тиімді, уақытылы және/немесе толық көлемде алға қойылған міндеттерін, жұмыс жоспарларын орындауға кедергі келтіретін мәселелер, бұзушылықтар туралы және/немесе шектеулер туралы, мұндай мәселелерді олардың шешуі және/немесе шектеулерді жою мақсатымен хабарлайды.

25. ІАҚ Қоғамның еншілес ұйымдарының қызметіне аудит жүргізу бөлігінде уәкілетті:

1) Қоғамның еншілес ұйымдарының сыртқы және ішкі аудитінің нәтижелері туралы барлық мерзімдік (тоқсан сайынғы және жылдық) есептерін, олардың қызметіндегі тәуекелді жағдайларды басқару және мониторинг нәтижелері туралы есептерді, сондай-ақ уәкілетті (қадағалау) мемлекеттік органдарымен тексерулердің актілерін алуға;

2) Аудит бойынша комитеттің, Директорлар кеңесінің арнайы тапсырмасы және/немесе жоспарлы міндеттері болған жағдайда Қоғамның еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтерінің және/немесе басқа органдарының кез келген құжаттарын сұратуға, алуға және танысуға;

3) қажетіне қарай және ресурстар болған кезде Қоғамның басқа қызметкерлерімен бірлесіп Қоғамның еншілес ұйымдарының қызметін және/немесе құжаттарын бақылап тексеруге қатысуға.

§6. ІАҚ жауапкершілігі, ІАҚ қызметін шектеулер және бағалау

26. ІАҚ Директорлар кеңесінің алдында жауапкершілікке ие болады:

1) ІАҚ міндеттері мен қызметін уақтылы және сапалы орындамағаны үшін;

2) өзінің міндеттерін берілген Ережеге, Қоғамның басқа ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындамағаны үшін.

27. Лауазымдық міндеттемесін орындамағаны немесе тиісті жолмен орындамағаны үшін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ІАҚБ және/немесе ІАҚ қызметкеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген шарттарда және тәртіпте тәртіптік жаза қолданылады.

28. ІАҚБ немесе ІАҚ басқа қызметкерінің материалдық жауапкершілігі, тигізілген залалды немесе шығынды (мұндай бар болған жағдайда) өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

29. ІАҚ қызметкерлері Қоғамның органдарының немесе олардың комитеттерінің құрамына сайлана алмайды.

30. ІАҚ қызметін бағалау, ІАҚ қызметкерлерінің қызмет көрсеткіштерін анықтау (мақсатты және нақты), Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесінде белгіленген шарттарда және тәртіпте жүзеге асырылады.

31. ІАҚ Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылатын өзінің жұмысының

тиімділігі мен сапасын тұрақты (ішкі және сыртқы) бағалауды қамтамасыз етеді, бұл жағдайда:

1) ішкі бағалау (өзін-өзі бағалау) ІАҚ жыл сайын өз бетімен жүргізіледі;

2) сыртқы бағалау бес жылда бір реттен сирек емес, Қоғамның Директорлар кеңесінің немесе Акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте таңдалған сыртқы аудитормен жүргізіледі.

§ 7. ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары мен тәртібі

32. ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйлықақы беру олармен жасалған еңбек шарттарына сәйкес жүргізіледі, ІАҚ туралы Ережемен қарастырылған негізгі талаптарды есепке ала отырып.

33. ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық айлығының мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесімен анықталады және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, ІАҚ қызметкерлері үшін Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген лауазымдық айлық кестесіне сәйкес лауазымдық айлықтың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлерінің шегінде өзгертілуі мүмкін, олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін уақтылы, толық және сапалы орындауларын, еңбек тәртібін және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген басқа талаптарын сақтауын ескере отырып.

34. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған төлемдер бойынша шешім (экологиялық, түнгі уақыттағы, мереке және демалыс күндері, үстеме жұмыстар, демалыс күндерінің төлемі, уақытша еңбекке жарамсыздық күндерінің және т.б. төлемі) Қоғамның Басқарма Төрағасымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданады.

35. ІАҚ қызметкерлеріне 30 (отыз) күнтізбелік күн ұзақтықпен жыл сайынғы демалыс беріледі.

36. ІАҚ қызметкері демалысын ресімдеу үшін Басқарма Төрағасына ІАҚ Басшысы қол қойған демалыс беру туралы өтінішін жібереді. Осы өтініштің негізінде Басқарма Төрағасы ІАҚ қызметкеріне демалыс беру туралы бұйрықты шығарады.

37. Демалысқа емделу жәрдемақысы ІАҚ қызметкеріне Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген мөлшерде төленеді. Емделу жәрдемақысын төлеу күнтізбелік жылдың ішінде бір рет және тек 5 (бес) күнтізбелік күннен аз емес ұзақтықпен демалысқа кетуі кезінде төленеді.

38. ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес қызметтің негізгі көрсеткіштерін (ҚНҚ) орындауы негізінде есептік кезең үшін (тоқсан) қызметінің нәтижелері бойынша сыйлықақы беруді қарастырады.

39. ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру Қоғамның бюджетіне осы мақсаттар үшін қарастырылған ақша қаражаттарының шегінде, сондай-ақ еңбек ақы төлеу қаражаттарын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

40. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес ҚНҚ қол жеткізу нәтижелері бойынша ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы шешім қабылдайды. ІАҚ қызметкерлерінің ҚНҚ Директорлар кеңесімен бекітіледі.

41. ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру мақсатында тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейін бірінші айдың соңына дейін мерзімде Қоғамның Директорлар кеңесіне есептік кезең үшін ІАҚ қызметі туралы есепті, ІАҚ қызметкерлерінің тиімділік картасын және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған нысандар бойынша ІАҚ қызметкерлеріне сыйлықақы беру сомасының есептемесін қарастыруға және бекітуге жібереді.

42. ІАҚ басшысы ҚНҚ нақты қол жеткізілген нәтижелерін берудің шынайылығы үшін жауапкершілікке ие болады.

43. Сыйлықақы нақты жұмыс істеген уақыт үшін, тоқсан қорытындысы бойынша ҚНҚ қол жеткізу нәтижелеріне байланысты есептеледі. Иссапарда, оқуда болған жұмыс күндерінің саны нақты жұмыс істеген уақытқа қосылады.

44. Берілген Ережемен реттелмеген еңбек ақы төлеу бөлігіне қатысты мәселелер Қоғамның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу тәртібін анықтайтын Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

§8. ІАҚ жұмысын жоспарлау және есептер

45. ІАҚ жұмысын жоспарлау келесілер арқылы жүзеге асырылады:

1) ІАҚ аудиторлық жоспарын бір жылға және/немесе одан көп жылдарға (қажетіне қарай) жасау;

2) ІАҚБ бекітілетін әрбір жеке аудиторлық жұмыс бойынша тапсырмаларды, бағдарламаларды жасау.

46. ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспарын жасаудың негізі:

1) Қоғамның тәуекелдер тіркелімі және/немесе картасы;

2) аудит салаларының картасы («әлемдік аудит») болып табылады, ол ІАҚ Қоғамның барлық бизнес-үдерістеріне, жүйелеріне, оларға тән тәуекелдерге сүйене отырып және Қоғамның тәуекелдер тіркелімінің және/немесе картасының негізінде анықталады.

47. Алдағы жылға (алдағы жылдарға) ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспарын жасау жоспарланғаннан кейінгі жылдың 01 қарашасынан кешіктірілмей басталуы тиіс.

ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспары жоспарлы жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесінің қарастыруына және бекітуге жатады.

48. ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспары қажет болған жағдайда, Аудит бойынша комитеттің және/немесе ІАҚ бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

49. ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспары және/немесе оған өзгертулер Директорлар кеңесімен бекітілгеннен кейін Басқармаға мәлімет және/немесе Қоғамның қызметін жоспарлау үшін ұсынылуға жатады.

50. ІАҚ өзінің қызметінің нәтижелері бойынша келесі есептерді жасайды және ұсынады:

1) қызметінің нәтижелері туралы ІАҚ мерзімді (тоқсандық/жылдық), оның ішінде аудиторлық жұмыс жоспарын орындау бойынша есептерді;

2) ІАҚ аудиторлық жұмыс жоспарына сәйкес немесе Директорлар кеңесінің, Аудит бойынша комитеттің немесе Акционердің арнайы тапсырмасы бойынша

орындалған әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есеп.

51. ІАҚ әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есебі аудиттің қатысушыларына және олардың қызметіне жетекшілік ететін Қоғамның басшыларына қарастыру үшін ұсынылуға жатады.

ІАҚ әрбір жеке аудиторлық тапсырма бойынша есебінің негізінде аудиттің қатысушыларымен, орындау нысандары мен мерзімдерін көрсете отырып, ІАҚ берілген ұсыныстарды орындау бойынша іс-шаралар жоспары жасалады, ол Қоғамның Басқармасымен бекітіледі және орындалуы бойынша бақыланады.

Аудиттің қатысушылары ІАҚ-не ІАҚ анықтаулары/ұсыныстары бойынша орындалған іс-шаралар туралы мәліметтерден тұратын есепті, және/немесе ІАҚ нақты қорытындыларына/ ұсыныстарына қатысты аудиттің қатысушыларымен қабылданатын түзету/алдын алу әрекеттерінің жоспарлары туралы, аяқтау мерзімі мен нысандарын көрсете отырып, беруге міндетті. Аталған есеп және жоспар аудиттің қатысушысының қызметіне жетекшілік ететін Қоғамның басшыларымен келісілуі тиіс.

52. Қоғамның органдарына қарастыруға ұсынылатын ІАҚ мерзімді есептері тұрады:

1) Қоғамның Басқармасымен бекітілген түзету/алдын алу жоспарларын қосымша берумен және/немесе берілген ұсыныстардың негізгі анықталуларын көрсете отырып өткізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша қорытындылардан, орындалған аудиторлық тапсырмалар бойынша жеке есептерден;

2) аудиті есепті кезеңде ІАҚ жүзеге асырылған Қоғамның тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және/немесе корпоративтік басқару жүйелерінің анықталған тәуекелдері мен кемшіліктері (бөліктері) туралы мәліметтерден;

3) есептік кезеңде ІАҚ жүргізілген жоспардан тыс іс-шаралар туралы ақпараттан;

4) тексеруші мемлекеттік органдарының, сыртқы аудиторлардың, кеңесшілердің ұсыныстарын және ІАҚ жеке ұсыныстарын орындау мониторингінің нәтижелері туралы;

5) ІАҚ өзінің міндеттері және қызметтерін тиімді орындауға кедергі келтіретін маңызды шектеулер туралы ақпараттан;

6) ІАҚ қызметкерлерінің біліктілігін көтеру бойынша ақпараттан;

7) ІАҚБ пікірі бойынша Аудит бойынша комитетке, Директорлар кеңесіне ұсыну үшін қажетті ІАҚ басқа мәліметтерінен.

53. Аудит бойынша комитетпен, Қоғамның Басқармасымен (егер Басқарма ІАҚ мерзімді есептерін бекітпейтін/ уақтылы қарастырмайтын болса, онда мұндай есептер ІАҚБ Директорлар Кеңесіне Басқарманың қарастыруына шешімсіз ұсынылады) алдын ала қарастырылған ІАҚ қызмет нәтижелері туралы мерзімді есептері Директорлар кеңесіне келесім мерзімдерде ұсынылады:

1) тоқсан сайынғы – есептік тоқсаннан кейін бірінші айдың соңына дейін;

2) жылдық – есептік жылдан кейінгі екінші айдың соңына дейін.

Директорлар кеңесінің отырысы есептік тоқсаннан (жылдан) кейінгі екінші айдың соңына дейін болмаған жағдайда, ІАҚ қызмет нәтижелері туралы есептері Директорлар кеңесіне көрсетілген есептілікті беру кезеңінен кейінгі жақын уақыттағы бірінші отырысында ұсынылады.

54. ІАҚ мерзімді есебінде мазмұндалған жеке және/немесе барлық қорытындыларды және/немесе ұсыныстарды Аудит бойынша комитетпен мақұлдау және Директорлар кеңесімен назарға алу жағдайында, мұндай қорытындылар және/немесе ұсыныстар бойынша:

1) тиісті тексерілген аудиттің қатысушыларының қызметіне жетекшілік ететін Қоғамның басшылары жүргізілген аудит бойынша іс-шараларды (түзету әрекеттерін) әзірлеуді және орындауды қамтамасыз етулері тиіс (Директорлар кеңесіне есепті ұсынуға дейін әзірлеуе жағдайында);

2) ІАҚ өткізілген аудиттің нәтижелері бойынша тиісті шараларды (түзету әрекеттерін) жүзеге асыру мониторингін жүргізуі тиіс, сондай-ақ Аудит бойынша комитетке, Директорлар кеңесіне ІАҚ жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша түзету/алдын алу әрекеттерін орындау процестеріндегі ілгерілеулер туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс.

§9. ІАҚ органдармен, комитеттермен және бөлімшелермен өзара әрекеттестігі

55. Қоғамның Басқармасы:

1) Қоғамда ішкі аудиттің тиімді ортасын құруға себін тигізуі, ІАҚ өзінің миссиясын, міндеттерін, қызметтері мен міндеттемелерін орындауына, ІАҚ құқықтарын іске асыруына көмек көрсетуі тиіс;

2) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіпте ішкі аудит саласында аутсорсингі (ко-сорсингі) пайдалануды қарастыруы тиіс;

3) өткізілген аудиттердің нәтижелері бойынша және/немесе ІАҚ ұсыныстары бойынша түзету әрекеттерінің (алдын алу шараларының) жоспарларын бекітуі және орындалуын бақылауы тиіс, оның ішінде ІАҚ ұсыныстарын орындамағаны немесе уақытылы орындамағаны үшін аудит үдерісіне қатысушылардың дербес жауапкершілігін анықтау арқылы;

4) Қоғамның бюджетіне ІАҚ қызметкерлерін бейінді бағдарламалар мен сертификаттаулар бойынша оқытумен байланысты шығындарды қосуды қамтамасыз етуі тиіс;

5) ІАҚ қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруы тиіс.

56. ІАҚ Қоғамның бөлімшелерімен өзара әрекеттестігі іскерлік және сенімгерлік ынтымақтастық, өзара сыпайылық және жұмыстағы орындылық негізінде құрылады.

57. Қоғамның бөлімшелерінің қызметкерлері ІАҚ өзінің міндеттерін, қызметтерін, міндеттемелері мен құқықтарын жүзеге асыруға көмек көрсетуге міндетті, ол келесілерден көрінеді:

1) ІАҚ аудиторлық тексерулерін, міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен барлық ақпаратты оперативті түрде ұсынудан;

2) аудит барысында анықталған фактылар мен олардың себептерін объективті және оперативті талқылаудан;

3) туындаған сұрақтар мен мәселелерді бірлесіп шешуден;

4) ІАҚ мәселелері мен олардың қызметтерінің жеке аспектілері бойынша жазбаша түсініктемелерді және/немесе іс-шаралар (түзету әрекеттері) жоспарларын

ұсынудан.

58. Негізгі міндеттері тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік даму болып табылатын Қоғамның бөлімшелері ІАҚ есептік айда іске асырылған тәуекелдер туралы, есептік айдың күдікті сипатқа ие операциялары немесе мәмілелері туралы, жүргізілген тексерулер, корпоративтік оқиғалар және корпоративтік дамудың басқа мәселелері туралы хабардар етуге міндетті.

§10. Қорытынды ережелер

59. Берілген Ережеге өзгертулер мен толықтырулар Директорлар кеңесінің шешімімен, оның ішінде Аудит бойынша комитеттің және/немесе ІАҚ бастамасы бойынша енгізілуі мүмкін.

60. Қоғамда ішкі аудитті жүзеге асыру тәртібі мен басқа егжей-тегжейлі шарттары (стандартты рәсімдер, ІАҚ құжаттарының нысандары мен әдістемелері) Директорлар кеңесімен бекітілетін ішкі аудитті жүзеге асыру ережелерімен анықталады.

1 Қосымша.Ішкі аудит қызметінің Басшысының лауазымдық нұсқаулығы

§1. Жалпы ережелер

1. Берілген «_____»АҚ (ары қарай – Қоғам) Ішкі аудит қызметінің Басшысының лауазымдық нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Ішкі аудит қызметінің (ары қарай – ІАҚ) Басшысы Аудит бойынша комитеттің ұсынуы (ұсынысы) бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

ІАҚБ қызметіне жетекшілік ету Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитетімен жүзеге асырылады.

3. ІАҚ Басшысымен (ары қарай – ІАҚБ) еңбек шарты Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде Қоғамның Басқарма Төрағасымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалады және бұзылады.

ІАҚБ демалыс кестесі, демалыс алуға өтініші және бұйрық Басқарма Төрағасымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес бекітіледі.

4. ІАҚБ өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ІАҚ туралы Ережені, Қоғамның басқа ішкі құжаттарын, берілген лауазымдық нұсқаулықты және Ішкі аудиторлар институтының кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін (The Institute of Internal Auditors) (ары қарай - КТХН) басшылыққа алуы тиіс.

§2. Біліктілік талаптары

5. ІАҚБ-да болуы тиіс:

1) жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) қаржылық немесе экономикалық білімі, аудит (ішкі), бухгалтерлік есеп немесе тәуекел-менеджменті саласында қосымша арнайы дайындығы;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп, және/немесе қаржы саласында жұмыс тәжірибесімен – квазимемлекеттік сектордың субъектілері болып табылатын ұйымдарда, және/немесе лицензияланған қаржы ұйымдарында, немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жеті жылдан кем емес;

3) басшылық қызметте жұмыс тәжірибесімен – үш жылдан кем емес;

4) халықаралық қаржылық есептеме стандарттарынан, КТХН, корпоративтік басқару негіздерінен білімі;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен білімі, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу, акционерлік қоғамдар, еңбек, мемлекеттік мүлік, индустриалды-инновациялық қызмет және қаржы мәселелері бойынша;

6) мемлекеттік тілді білуі (және қажет болған жағдайда ағылшын тілін);

7) келесі куәліктердің немесе сертификаттардың біреуі: ішкі аудит саласындағы сертификаты CIA (Certified Internal Auditor); аудитордың біліктілік куәлігі немесе машықтанушы бухгалтердің сертификаты ACCA (Association of Certified Chartered Accountants), немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіби

бухгалтердің сертификаты, немесе DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting), немесе халықаралық кәсіпқой бухгалтердің сертификаты CIPA (Certified International Professional Accountant); CISA сертификаты (Certified information systems auditor) немесе CISM (Certified information security manager), немесе ITIL (Information technology infrastructure library); басқа ұқсас халықаралық-танылған куәлік немесе сертификат.

6. ІАҚБ қызметіне тағайындауға рұқсат етілмейді:

1) Қоғамның және/немесе оның еншілес ұйымдарында соңғы үш жыл ішінде басшы қызметкерлері болып табылған тұлғаларды;

2) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмысы үшін, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет немесе мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстары, мемлекеттің конституциялық құрылысының және қауіпсіздігінің негіздеріне қарсы қылмыстары үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғаларды.

§3. Лауазымдық міндеттері

7. ІАҚБ келесі қызметтерді атқарады:

1) ІАҚ қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

2) ІАҚ жұмысын ұйымдастыруды, сондай-ақ ІАҚ туралы Ережеге сәйкес ІАҚ жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындауды қамтамасыз ету;

3) ішкі аудит және/немесе ІАҚ қызметі мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеуді, сондай-ақ оларды мерзімді талдауды және жаңартуды қамтамасыз ету;

4) ІАҚ мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен қызметінің өзектілігін мерзімді бағалауды жүзеге асыру;

5) ІАҚ қызметіне тән тәуекелдерді бағалау, және оларды басқару;

6) ІАҚ қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген ішкі аудит рәсімдері мен бірыңғай базалық қағидаларын қолдануды қамтамасыз ету;

7) КТХН сақтауды қамтамасыз ету;

8) ІАҚ жұмысында құпиялылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

9) ІАҚ қызметіне ішкі аудитті жүргізу және ІАҚ аудиторлық жоспарының орындалуын бақылау бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес ІАҚ қызметін жоспарлау;

10) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерін және/немесе бизнес-үдерістерін белгіленген ішкі аудитті жүргізу тәртібіне және ІАҚ туралы Ережеге сәйкес жоспарлы және жоспардан тыс аудиторлық тексерулерді ұйымдастыру, қатысу және жүзеге асырылуын бақылау;

11) аудиторлық тапсырмаларды орындауға қатысатын және жауапты ӘАҚ қызметкерлерінің жұмыс көлемін анықтау;

12) аудиторлық тапсырмаларды әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз ету;

13) аудиторлық анықтауларды тиісті жолмен құжаттандыруды, тексерулердің нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеуді, тексеру барысында анықталған барлық маңызды фактылар мен кемшіліктерді көрсетуді, дәлелді ұсыныстарды жасауды бақылау;

14) Қоғамның қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

15) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен Басқарманың аудиторлық тапсырмаларды ұйымдастырумен, өткізумен және нәтижелерімен байланысты мәселелер бойынша өзара әрекеттестігі;

16) Қоғамның қаржылық есептемесінің аудиті бойынша сыртқы аудиторлардың есептерінің жобаларын қарастыруға қатысу;

17) ішкі және сыртқы аудиттің, сондай-ақ басқа қадағалау органдарының тарапынан тексерулердің нәтижелері бойынша талаптарды, ұсыныстарды Қоғамның қызметкерлерімен және құрылымдық бөлімшелерімен орындау мақсатымен Қоғаммен жоспарланатын және/немесе жүзеге асырылатын іс-шаралар мониторингі;

18) Қоғамның Аудит бойынша комитетіне, Директорлар кеңесіне келесі ақпараттан тұратын есептерді ұсынуды қамтамасыз ету:

– Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің жағдайын объективті бағалауды және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды берумен ІАҚ тексерулерінің нәтижелері туралы;

– Басқармамен басқа бақылау және басқару қызметтерін үйлестіруді және қадағалауды жүзеге асыру туралы (тәуекел-менеджментін, ішкі бақылауды, қауіпсіздікті, бизнестің үздіксіздігін, сыртқы аудитті қоса);

– аудиттің қатысушыларының басшыларымен және Қоғамның Басқармасымен жол берілген бұзушылықтарды және олардың нәтижелерін жою бойынша, немесе мұндай шараларды қабылдамау туралы қабылданған шаралар туралы;

19) мүдделер жанжалының туындауына жол бермеу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету мақсатымен, мақсатқа сәйкестілігіне қарай ІАҚ қызметкерлерінің міндеттерін алмастыруды жүргізу;

20) ІАҚ қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

21) ІАҚ қызметінің тиімділігін ішкі және сыртқы бағалауды жүргізуді қамтамасыз ету;

22) Аудит бойынша комитеттің, Директорлар кеңесінің мүшелерімен, сыртқы аудиторлармен кеңес берулерді, талқылауларды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит бойынша комитеттің ІАҚ құзырына кіретін мәселелер бойынша отырысын шақыруға бастамашылық ету;

23) ІАҚ сандық құрамын, ІАҚ қызметкерлерінің өкілеттіктер мен тағайындау мерзімдерін анықтау бойынша, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ІАҚ жұмысының шарттары мен тәртібі, ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттары, ІАҚ ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;

24) ішкі аудит, сондай-ақ корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үдерістерін жетілдіру мәселелері бойынша кеңес беру, ұсынылған кеңес беру қызметтерінің негізінде қабылданған басқарушылық шешімдері үшін жауапкершілікті ІАҚ қабылдауды болдырмайтын;

25) заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың хаттары мен басқа өтініштерін, ІАҚ құзыреттілігі шегінде олар бойынша тиісті түсініктемелерді дайындаумен қамтамасыз ету;

26) қызметтік тексерулерге, ІАҚ туралы Ережемен белгіленген тәртіпте арнайы тексерулерді жүргізуге қатысу;

27) жаңа өнімдерді немесе қызметтерді ендіру және осымен байланысты Қоғамның қосымша тәуекелдерін бағалау туралы мәселелерді талқылауға қатысу;

28) ішкі аудиттің және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу;

29) заңнамалық, реттеуші, аналитикалық құжаттарды, халықаралық қаржылық есептеме стандарттарына өзгертулерді зерттеу және Қоғамның ішкі рәсімдері мен құжаттарына өзгертулер енгізу бойынша тиісті ұсыныстарды енгізу;

30) ІАҚ құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, және Қоғамның Аудит бойынша комитетімен және/немесе Директорлар Кеңесімен ІАҚ жүктелген басқа міндеттерді орындау.

§4. Құқықтар мен өкілеттіктер

8. ІАҚБ келесі құқықтар мен өкілеттіктерге ие:

1) ІАҚ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит бойынша комитеттің отырыстарын шақыруға бастамашылық ету;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерімен, Басқарма мүшелерімен, Қоғамның басқа жұмыскерлерімен және сыртқы аудиторлармен, Қоғамның кеңесшілерімен тікелей және өз бастамасы бойынша байланыс жасау;

3) ІАҚ жұмыс әдістерін жақсарту, жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу;

4) Қоғамның Директорлар кеңесіне ІАҚ сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау бойынша, ІАҚ қызметкерлерін тағайындау/ауыстыру, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ІАҚ қызметкерлерін көтермелеу және жаза қолдану туралы, ІАҚ жұмыс тәртібі, ІАҚ қызметкерлеріне еңбек ақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын, ІАҚ ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету туралы ұсыныстар енгізу;

5) тексерілетін құрылымдық бөлімшенің қызметімен байланысты барлық қажетті құжаттарға, оның ішінде коммерциялық немесе басқа құпиядан тұратын, немесе құпиялылық режиміне ие құжаттарға рұқсат алу;

6) міндеттерді қою, жауапты қызметкерлерді анықтау және ІАҚ қызметкерлерімен ІАҚ құзыреттілігіне жататын қойылған міндеттемелерді орындауды талап ету;

7) ІАҚ тәуелсіздігі мен объективтілік қағидаларын бұзу қаупі болған жағдайда, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның ішкі саясаттарына сәйкес келмеуі жағдайында ішкі және басқа құжаттарды қарастырудан, келісуден бас тарту, дәлелді бас тартуды және/немесе қарастырылатын мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныстарды ықтимал берумен;

8) құқыққа қарсы әрекеттерді немесе Этика кодексімен, жалпы қабылданған этика нормаларымен үйлеспейтін немесе Қоғамның ішкі актілерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын әрекеттерді жасаудан бас тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа құқықтар.

§5. Жауапкершілік

9. ІАҚБ жауапкершілікке ие болады:

1) берілген лауазымдық нұсқаулықтармен және еңбек шарттарымен негізделген өзінің міндеттерін адал орындау үшін;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, ІАҚ және оның қызметкерлерінің қызметін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын орындау;

3) КТХН қағидалары мен талаптарын сақтау үшін;

4) аудиторлық тапсырмаларды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит бойынша комитеттің жеке тапсырмаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде сапалы орындау үшін;

5) жұмыста тиісті құпиялылықты және банктік, қызметтік және/немесе коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету үшін;

6) Қоғамға материалдық немесе басқа залал тигізгені үшін;

7) еңбек тәртібін сақтау үшін.

6. Өзара алмасушылық

10. ІАҚБ және Ішкі аудитор араларында біреуі ауыру себебімен уақытша болмау кезінде, іссапарда немесе демалыста болуы кезінде, сондай-ақ басқа себептер бойынша қызметтерін өзара алмасушылық қағидасы бойынша жүзеге асырады.

2 Қосымша. Ішкі аудитордың лауазымдық нұсқаулығы

§1. Жалпы ережелер

1. Берілген «_____»АҚ (ары қарай – Қоғам) Ішкі аудит қызметінің Ішкі аудиторының лауазымдық нұсқаулығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Ішкі аудит қызметінің (ары қарай – ІАҚ) Ішкі аудиторы Аудит бойынша комитеттің ұсынуы (ұсынысы) бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Ішкі аудитор тікелей ІАҚ Басшысына (ары қарай - ІАҚБ), Қоғамның Аудит бойынша комитетіне және Директорлар кеңесіне бағынады.

3. Ішкі аудитормен еңбек шарты Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде Қоғамның Басқарма Төрағасымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалады және бұзылады.

Ішкі аудитордың демалыс кестесі, демалыс алуға өтініші және бұйрық Басқарма Төрағасымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес бекітіледі.

4. Ішкі аудитор өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, еңбек шартын, ІАҚ туралы Ережені, Қоғамның басқа ішкі құжаттарын, берілген лауазымдық нұсқаулықты және Ішкі аудиторлар институтының кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін (The Institute of Internal Auditors) (ары қарай - КТХН) басшылыққа алуы тиіс.

§2. Біліктілік талаптары

5. Ішкі аудиторда болуы тиіс:

1) қаржы және/немесе экономика, және/немесе ақпараттық технологиялар/ ақпараттық қауіпсіздік, және/немесе құқық саласында, аудит (ішкі), бухгалтерлік есеп немесе тәуекел-менеджменті саласында жоғары білімі;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп, және/немесе қаржы, және/немесе ақпараттық технологиялар/ ақпараттық қауіпсіздік немесе ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік аудиті, және/немесе құқық саласында жұмыс тәжірибесі – үш жылдан аз емес;

3) КТХН және/немесе халықаралық қаржылық есептеме стандарттарынан, және/немесе халықаралық ақпараттық технологияларды басқару стандарттарынан COBIT (ControlObjectivesforInformationandrelatedTechnology) білімі;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен білімі, оның ішінде аудиторлық қызмет мәселелері бойынша;

5) мемлекеттік тілді білуі (және қажет болған жағдайда ағылшын тілін);

6) келесі куәліктердің немесе сертификаттардың біреуі: ішкі аудит саласындағы сертификаты CIA (Certified Internal Auditor); аудитордың біліктілік куәлігі немесе машықтанушы бухгалтердің сертификаты ACCA (Association of Certified Chartered Accountants), немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіби бухгалтердің сертификаты, немесе DipIFR дипломы (Diploma in International Financial

Reporting), немесе халықаралық кәсіпқой бухгалтердің сертификаты CIPA (Certified International Professional Accountant); CISA сертификаты (Certified information systems auditor) немесе CISM (Certified in information security manager), немесе ITIL (Information technology infrastructure library); басқа ұқсас халықаралық-танылған куәлік немесе сертификат.

6. Ішкі аудитор қызметіне тағайындауға рұқсат етілмейді:

1) Қоғамның және/немесе оның еншілес ұйымдарында соңғы үш жыл ішінде басшы қызметкерлері болып табылған тұлғаларды;

2) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмысы үшін, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет немесе мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстары, мемлекеттің конституциялық құрылысының және қауіпсіздігінің негіздеріне қарсы қылмыстары үшін заңнамамен белгіленген тәртіпте, алынбаған немесе өтелмеген соттылығы бар тұлғаларды.

§3. Лауазымдық міндеттері

7. Ішкі аудитор келесі қызметтерді атқарады:

1) ІАҚ жұмысына қатысу, сондай-ақ ІАҚ туралы Ережеге сәйкес ІАҚ жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау;

2) ішкі аудит мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеуге, сондай-ақ оларды мерзімді жаңартуға қатысу;

3) ІАҚ қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген (ұсынылған) бірыңғай базалық қағидаларды және ішкі аудит рәсімдерін қолдану;

4) КТХН сақтау;

5) жұмыста құпиялылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

6) ІАҚ қызметіне тән тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстарды анықтау, бағалау және ІАҚБ қарастыруына ұсыну;

7) ішкі аудитті жүргізудің белгіленген тәртібіне сәйкес ІАҚ қызметін жоспарлауға қатысу және ІАҚ аудиторлық жоспарын орындауға қатысу;

8) аудиторлық тапсырмалар мен бағдарламаларды әзірлеу;

9) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерін және/немесе бизнес-үдерістерін белгіленген ішкі аудитті жүргізу тәртібіне және ІАҚ туралы Ережеге сәйкес жоспарлы және жоспардан тыс аудиторлық тексерулерді жүзеге асыруға қатысу:

– корпоративтік басқару тиімділігін бағалауды жүргізу;

– тәуекелдерді, сондай-ақ Қоғамда тәуекелдерді басқару тиімділігін тексеру және бағалау;

– ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін тексеру және бағалау;

– ішкі бақылау рәсімдерін тестілеу;

– бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме жазбаларының дәлдігі мен шынайылығын тексеру;

– активтердің сақталуын қамтамасыз ету құралдарын тексеру;

- операциялар мен бизнес-үдерістердің тиімділігін бағалау;
- құқықтық және реттеу талаптарын, іс-әрекет және әдістемелер мен рәсімдерді жүргізу кодекстерін сақтауды қамтамасыз ету үшін құрылған жүйелерді тексеру;
- қаржылық есептемені дайындаудың уақыттылығы мен шынайылығын тестілеу;
- қаржылық ақпаратты тексеру, электрондық ақпарат жүйесін және электронды банктік қызметтер жүйесін қоса.

10) ішкі аудит нәтижелері бойынша есепті (анықтамаларды) дайындауға арналған жиынтық ақпаратты талдау;

11) күдікті мәмілелер, сондай-ақ ұрлау және теріс пайдаланушылық салдарынан Қоғамға тигізілген залалдар туралы түсетін ақпаратты талдау;

12) аудиторлық анықтауларды тиісті жолмен құжаттандыруды, тексерулердің нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеуді, тексеру барысында анықталған барлық маңызды фактылар мен кемшіліктерді көрсетуді, дәлелді ұсыныстарды жасауды қамтамасыз ету;

13) Қоғамның қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

14) Қоғамның қаржылық есептемесінің аудиті бойынша сыртқы аудиторлардың есептерінің жобаларын қарастыруға қатысу;

15) ішкі және сыртқы аудиттің, сондай-ақ басқа қадағалау органдарының тарапынан тексерулердің нәтижелері бойынша талаптарды, ұсыныстарды Қоғамның қызметкерлерімен және құрылымдық бөлімшелерімен орындау мақсатымен Қоғаммен жоспарланатын және/немесе жүзеге асырылатын іс-шаралар мониторингі;

16) Қоғамның Аудит бойынша комитетіне, Директорлар кеңесіне ұсыну үшін ақпаратты, есептерді дайындау;

17) өзінің кәсіби деңгейін және өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін біліктілігін көтеру;

18) жұмыскердің тиімділік (қызметінің көрсеткіштері) картасын сапалы және уақтылы дайындауды және ІАҚБ ұсынуды қамтамасыз ету;

19) ішкі аудит, сондай-ақ корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үдерістерін жетілдіру мәселелері бойынша кеңес беру, ұсынылған кеңес беру қызметтерінің негізінде қабылданған басқарушылық шешімдер үшін ІАҚ жауапкершілікті қабылдауды болдырмайтын;

20) қызметтік тексерулерге, ІАҚ туралы Ережемен белгіленген тәртіпте арнайы тексерулерді жүргізуге қатысу;

21) ішкі аудиттің және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу;

22) заңнамалық, реттеуші, аналитикалық құжаттарды, халықаралық қаржылық есептеме стандарттарына өзгертулерді зерттеу және Қоғамның ішкі рәсімдері мен құжаттарына өзгертулер енгізу бойынша тиісті ұсыныстарды енгізу;

23) ІАҚ қызметін сипаттау бөлігінде методологиялық сипаттағы ішкі құжаттарды әзірлеу және келісуге қатысу және оларды ІАҚ қызметіне тәжірибелік енгізу;

24) сауалнамаларды, аудит тестін, аудитті жүргізуге арналған басқа материалдарды, сондай-ақ ІАҚ қызметін сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттарды өзінің қызметтік міндеттерін іске асыру барысында әзірлеу;

25) лауазымдық міндеттеріне сәйкес ІАҚБ тапсырмасы бойынша басқа міндеттерді орындау.

§4. Құқықтар мен өкілеттіктер

8. Ішкі аудитор келесі құқықтар мен өкілеттіктерге ие:

1) ІАҚ жұмыс әдістерін жақсарту, жұмысын жетілдіру бойынша ІАҚБ қарастыруына ұсыныстарды енгізу;

2) ІАҚ тәуелсіздігі мен объективтілік қағидаларын бұзу қаупі болған жағдайда, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның ішкі саясаттарына сәйкес келмеуі жағдайында ішкі және басқа құжаттарды қарастырудан, келісуден бас тарту, дәлелді бас тартуды және/немесе қарастырылатын мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныстарды ықтимал берумен;

3) құқыққа қарсы әрекеттерді немесе Этика кодексімен, жалпы қабылданған этика нормаларымен үйлеспейтін немесе Қоғамның ішкі актілерін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын әрекеттерді жасаудан бас тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа құқықтар.

9. Аудиторлық тапсырманы жүзеге асыру шегінде Ішкі аудитор құқылы:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық немесе басқа құпиядан тұратын, немесе құпиялылық режиміне ие құжаттарды талап етуге және алуға;

2) құндылықтардың, қатаң есептілік бланктерінің, қоймаларда материалдарды, негізгі құралдардың және Қоғамның басқа активтерінің болуын тексеруге және тексеріп қарауды жүргізуге;

3) берілген қарызды қамтамасыз етуге Қоғаммен қабылданған мүліктің болуын тексеруге және тексеріп қарауды жүргізуге, оның ішінде орнына бару арқылы;

4) үшінші тұлғалармен шарттардың, құқықты белгілейтін құжаттардың, және Қоғамның басқа құжаттарының түпнұсқаларына, Қоғамның ақпараттық жүйесіне, Қоғамның сақтау орындарына, қоймаларына және сервер жайларына рұқсат алуға;

5) Қоғамда сыртқы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен жүргізілген тексерулер материалдарына рұқсат алуға;

6) лизингтегі активтерді, сатуға арналған активтерді, және заңды және жеке тұлғаларға тапсырылатын басқа активтерді тексеруге;

7) қажетті түсініктемелерді (жазбаша немесе ауызша), мағынасын ашуды, сондай-ақ Қоғаммен пайдаланылатын кез келген ақпараттық жүйелерден, төлем жүйелерін және Қоғамның жұмыскерлерінің кез келген операцияларды жүргізу және

есепке алу ерекшеліктері мен мәніне қатысты қауіпсіздік жүйелерінен мәліметтерді сұрауға және алуға;

8) Қоғаммен жүзеге асырылатын әрекеттер мен операциялардың Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы пайымдауларды шығаруға;

9) Қоғамның барлық құжаттарына рұқсат алуға (қағаз да, және де электронды да тасымалдағыштарда), оның ішінде, Қоғамның ішкі саясатын, стратегиясын, шешімдер қабылдау, мәмілелерді жасау рәсімін, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау стандарттарын анықтайтын Басқарма, Директорлар кеңесінің және Қоғамның басқа органдарының шешімдеріне, сондай-ақ Қоғаммен жүргізілетін операциялардың барлық түрлеріне, оның филиалдарын, өкілдіктерін және еншілес (басқа тәуелсіз) ұйымдарын қоса;

10) тексеру кезінде, онда орналасқан құндылықтар мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігі жағдайында, Қоғамның тексерілетін құрылымдық бөлімшелерінің қоймаларына, мұрағатына және басқа қызметтік жайларына(сақтау орындарына) сүргі салуға;

11) егер тексеру барысында жалған жасаулар, қолдан жасаулар немесе басқа теріс пайдаланушылықтар анықталатын болса, жеке құжаттарды алып тастауға (іс қағаздарында алу актілері мен алынған құжаттардың көшірмелерін қалдырумен);

12) тексерілуге жататын кез келген құжаттардан, оның ішінде электронды тасымалдағыштардан көшірмелер жасауға.

§5. Жауапкершілік

10. Ішкі аудитор жауапкершілікке ие болады:

1) берілген лауазымдық нұсқаулықтармен және еңбек шарттарымен негізделген өзінің міндеттерін адал орындау үшін;

2)) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, ІАҚ және оның қызметкерлерінің қызметін реттейтін Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын орындау үшін;

3) КТХН қағидалары мен талаптарын сақтау үшін;

4) аудиторлық тапсырмаларды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит бойынша комитеттің және/немесе ІАҚБ жеке тапсырмаларын толық көлемде және белгіленген мерзімде сапалы орындау үшін;

5) жұмыста тиісті құпиялылықты және банктік, қызметтік және/немесе коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету үшін;

6) аудитті жүргізу кезінде рұқсат берілген құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін;

7) Қоғамға материалдық немесе басқа залал тигізгені үшін;

8) еңбек тәртібін сақтау үшін.